

ЕГЕМЕН

АСТАНА

## ГЕНЕРАЛ ҚАЛМЕНОВ

**Бүгіндері сексеннің сегіріне шыққан, оның қырық үш жылын тікелей милиция органына арнаған, Оңтүстік Қазақстан облысының, Шымкент қаласының және Қызылорда облысы Шиелі ауданының құрметті азаматы, милиция генерал-майоры Құлахмет Қалменовтің өмірі елі мен халқына қалтқысыз қызмет етудің үлгісі.**

Қ. Қалменов 1926 жылғы қазан айында Қызылорда облысының Шиелі ауданында, Сырдария өзенінің батыс жағалауындағы Тарша деген көлдің жағасында дүниеге келді. Әкеден ерте айрылып, үлкен ағасы Рахменнің тәрбиесінде болды. Тағдырдың жазуымен орта мектепті Оңтүстік Қазақстан облысының сол кездегі Бостандық, Луговой және Ильич аудандарында оқып бітірді. Еңбек жолын Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдары, 16 жасында қазіргі Жетісай (бұрынғы Ильич) аудандық халық сотының хатшылығынан бастады. 1945 жылы Алматыдағы облысаралық милиция мектебін бітіргеннен кейін Оңтүстік Қазақстан облысы ішкі істер басқармасында бандитизммен күрес бөлімінің тергеушісі болған Құлекен 1987 жылы денсаулығына байланысты зейнеткерлікке шыққанға дейін қажырлы қызмет етті. 20 жылдам астам Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында ішкі істер басқармасының бастығы болды.

Қ.Қалменовтің өмірінде 1948-1950 жылдар, Мәскеудегі КСРО Ішкі істер министрлігінің жоғары білімді офицер кадрлар дайындайтын екі жылдық мектебінің тыңдаушысы болған кезең ерекше орын алады. Бұл кезді “менің академиям” деуі жайдан жай емес. Шынында да, осы жылдар табиғатында алғыр, мақсатшыл, білімге, білуге құштар жастың азамат есебінде қалыптасуында айтарлықтай із қалдырды. Өзінің қалаған мамандығы бойынша білімін жетілдіріп қана қоймай, ол ой өрісін, мәдени деңгейін, эстетикалық талғамын көтеруге көп көңіл бөлді. Сол кездегі Кеңес одағының астанасындағы театр, кино, музейлерде жиі болып, мәдени құндылықтарды танудан жалықпады. Ол өз нәтижесін берді. Кейін Құлекеннің қазақ мәдениетінің озық өкілдері Асқар Токпановпен жақсы таныс болып, отбасылық араласуы, Нұрғиса Тілендиевпен 1949 жылы Мәскеуде басталған таныстығының жарты ғасырға жуық достыққа айналуы, Шәмші Қалдаяқов пен Мұхтар Шахановты рухани іні тұтуы көп нәрсені аңғартса керек. Мәскеудегі оқуды бітіріп келгеннен кейін Қ.Қалменов республика Ішкі істер министрлігінің аппаратында алты жылдай әр түрлі лауазымды қызметтер атқарды. Милицияның басшы кадрлары ретінде қалыптасуында оның 1955-1958 жылдары кадрлар басқармасындағы жұмысы айрықша болды. Сан алуан санаттағы қызметкерлермен күнделікті қарым-қатынас, әркімнің басқаға ұқсамайтын адами-психологиялық ерекшеліктерін байқау, ішкі сырларына үніле білу жас маманды шыңдай түсті. Өзімен қызметтес болғандардың бойындағы парасаттылық, кәсіби шеберлік пен ұйымдастырушылық талант, адалдық, адамгершілік пен шынайылық, объективтілік мен әділеттілік сияқты қасиеттер айрықша әсер етті. Ондай абзал жандарды өзіне ұстаз

тұтты. Солардың бірі саналы ғұмырының отыз үш жылын қиын да жауапты жұмысқа арнаған, ішкі істер органында қатардағы қызметкерден министрдің орынбасары лауазымына дейін көтерілген, қазақтан шыққан тұңғыш генералдардың бірі Сағынбек Юсупов болатын. Құлекең оны өзінің тәлімгері санады. Ол да шәкіртін “өте іскер, жігерлі, ақылды, ой-өрісі кең, парасатты тұлға” деп жоғары бағалады. Жақында өзінің сүйікті ұстазының осыдан ширек ғасыр бұрын жазылып, аяқталмай қалған орыс тіліндегі қолжазбасын қазақ тіліне аударып, өзі алғысөзін жазып, замандастарының естеліктерін ұйымдастырып, бастырып шығаруы шәкірттік парыздан туындаған іс-әрекет болатын.

Отыз екі жастағы, майор шеніндегі Қ.Қалменовтің алдымен Алматы облыстық ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары, 11 айдан кейін бастықтығына тағайындалуы оған көрсетілген үлкен сенім еді. Алайда бұл қызметте барлығы бір жылдай болған ол сол кездері Теміртау қаласында болған оқиғаларға байланысты Ішкі істер министрі қызметінен жазықсыз босап, одан кейінгі қызметтің де реті болмай, өзіне орынбасарлыққа келген Ш.Қабылбаевқа өз орнын бергісі келетіні туралы министрге өз еркімен ұсыныс айтуы екінің бірінің қолынан келетін тірлік емес-ті. Бұл өзі аса қадір тұтатын бұрынғы басшысына көрсетілген үлкен құрмет болатын. Содан ол Жамбыл облысына ауысып, онда сегіз жылдай жұмыс істеді.

1967 жылғы шілде айында Шымкентте таксистер мен милиция қызметкерлерінің арасындағы шиеленістен басталған жаппай тәртіпсіздік облыстағы бірсыпыра кадрлардың ауысуына алып келді. Осыған байланысты тиісті органдар Қ.Қалменовті басшылықты нығайту мақсатында Оңтүстік Қазақстан облыстық ішкі істер басқармасына жібереді. Ол осы қызметте он екі жыл болды. Аса күрделі облыста осынша уақыт жұмыс істеу де аз шаруа емес тұғын. Құлекеңнің кемеліне келген кезі де осы жылдар. Жаңа бастыққа жаңа жұмыста батыл, қимыл жасау керек болды. Көп істің берекесі кеткен, іргесі сәгілген. Ең негізгісі — үлкен ұжымда тиісті тәртіп, жоғары жауапкершілік төмендеген. Осының бәрін қалпына келтіру оңайға соқпады. Алайда ол қиыншылықтан қашпады. Мәскеудегі оқудан алған терең білімі, министрліктегі, Алматы және Жамбыл облыстарында жинаған мол тәжірибелері осында кәдеге асты. Аса қиын жағдайларда жедел жол тапқыштық, өрелі қызмет ете білу, ұжымда, жеке құрылымдар арасында қатаң талап орнату жаңа басшының күнделікті жұмыс стиліне айналды. Өзінің жеке іскерлігімен, жинақылығымен басқарма көлемінде орындаушылық тәртіпті жоғары дәрежеге көтерді. Күрделі қылмыстарды ашуға өзі тікелей араласып, басқаларға қызмет етудің үлгісін көрсете білді. Ол кадрларға, әсіресе, басшы буындарға биік талап қоюшылығымен ерекшеленді. Сонымен қатар әр түрлі деңгейдегі қызметкерлердің кәсіби шеберліктерінің үнемі өсіп отыруына қамқорлық жасап, олардың тұрмыс жағдайын жақсартуға да баса көңіл бөлді. Олардың арасында шынайы адами қарым-қатынас орнатылды. Облыстағы милиция органдарының материалдық-техникалық базаларын нығайтуға көп күш жұмсалды. Аудандық құрылымдарға жаңа ғимараттар, қызметкерлерге тұрғын үйлер салынды. Облыстық автоинспекцияға арналған жаңа ғимарат

бой көтерді. Милиция қызметкерлеріне арнап “Сарыағаш” санаторийінен “Арман” корпусын іске қосып, Түлкібас ауданынан демалыс аймағын ашты. Осының бәрі облыс милиция органының алдында тұрған жауапты міндеттерді абыроймен атқаруына жақсы негіз қалады.

1970 жылдардың ортасында Шымкентте бүкіл Одақты шулатқан шытырман оқиға болды. Химфарм зауытына байланысты бірнеше ай жүргізілген тергеу қорытындысында елуге жақын адам заң жолымен жауапқа тартылды.

Қылмыскерлерден алынған айғақты заттарды былай қойғанда, 18 жеңіл автокөлік, оның бірі – Иран мемлекетінің тапсырмасы бойынша арнайы жасалған “Волга” тәркіленді. 10 килограмм морфий, қаншама алтын, асыл бағалы заттар, бірнеше үйлер, т.б. қолға түскен құнды бұйымдар миллион сомның төңірегінде бағаланды. Бұл ол кез үшін аса ірі қаржы еді. Осы оқиға кейін Құлекеңнің деректі кітабына арқау болды. Шымкент “Қаракөл” зауытындағы шырмауы Алматыға дейін жайылған коррупция да осы кезде ашылды.

Қ. Қалменов күнделікті абыройлы жұмысын атқарып, көпшілік сияқты жанын қинамай жүре берсе, оған біреу бірдене дей қоймас еді. Бірақ ол ондай кісілердің қатарынан емес. Ол тынымсыз еңбектің адамы, жаңалықтың жанашыры ғана емес, оның батыл орындаушысы да бола білді. Оның Шымкенттегі КСРО Ішкі істер министрлігінің басшы құрамын дайындайтын арнайы орта мектеп ашудағы қажырлы еңбегі бір төбе. Ол кезде ондай мәселелердің тағдырын тек Мәскеу шешетін. Оны тиісті органдар алдына қоя білу де, ретін тауып шеше білу де облыс басшысының ерекше іскерлігін, Одақ, республика органдары алдындағы беделін танытатын шаруа болатын. Міне, осындай 30 жыл тек адал да қажырлы қызмет етіп келе жатқан, одақтық, республикалық алқалы жиындарда салиқалы сөз сөйлеп жүрген, республика ішкі істер органы жүйесінде ерекше беделге ие болған Қ. Қалменов 1976 жылғы қараша айында өткен Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің пленумында қызмет бабын пайдаланады, соған қарамай оны облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитеті елу жылдығына байланысты наградаға ұсынады деген сынға алынды. Бұл өз өмірімізде жеткілікті көрініс беріп жататын біреудің жақсы ісін көре алмаушылықтан, іштарлықтан, кейде жұмысы жарасқанмен, жағырапиясы жараспағаннан туындайтын пасық әрекеттер еді. Бұл сонымен қатар кезінде тікелей қарсы шыға алмаған жергілікті жемқорлардың билік басында отырған, орысшалағанда, “крышаларының” “қызметі” болуы да мүмкін. Қалай болса да, мұндай сынды облыс басшылары да, министр де күтпеген-ді. Оған негіз жоқ еді. Кейін Алматыдан министрдің бірінші орынбасары басқарып келген арнайы бригада да бұған еш дәлел таба алмады. Бұл сынның баяндаманың газетте жарияланған нұсқасынан түсіп қалуы да, бірінші хатшының сынынан кейін Құлекеңнің 3,5 жыл қызмет істеуі де тегіннен-тегін емес болатын. Тек орталықтағы министр, облыстағы басшы ауысқаннан кейін ғана ол өзі ашқан КСРО Ішкі істер министрлігінің басшы кадрларды дайындайтын арнайы мектебінің бастықтығына тағайындалды. Аз жылда мектептің оқу-материалдық базасы нығайтылды. Ол әрі білімді, әрі тәжірибелі оқытушы кадрлармен қамтамасыз етілді. Мектеп республика Ішкі

істер министрлігі жүйесіндегі ең тәуір оқу орнына айналды. Оның курсанттарының 1980 жылы өткен Мәскеу Олимпиадасы кезінде қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысуы үлкен құрмет болатын.

Милиция генералының өмір жолын қарап отырсаң, ол ылғи алдыңғы сапта болған. Жамбыл облысында Одақ көлемінде елеулі көрсеткіштерге жеткені үшін ол “КСРО Ішкі істер министрлігінің еңбек сіңірген қызметкері” деген жоғары атаққа ие болды. Ал Оңтүстік Қазақстан ішкі істер басқармасы барлық дерлік көрсеткіштерден көп жылдар республикада алдыңғы қатарды бермеді. Осы облыста ол генерал-майор атағын алды. 1972 жылы КСРО Ішкі істер министрлігінің Мәскеудегі жоғары мектебіндегі ғылыми кеңесте заң ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жабық тақырыптан диссертация қорғап, Одақ көлемінде өлке және облыс ішкі істер басқармаларының ішінде алғаш ғылым кандидаты болды. Ол Қызыл Жұлдыз орденінің, көптеген медальдардың иегері.

Адам табиғатында қоғамдық болмыс және кісілік келбетпен ерекшеленеді. Бірақ өмірде кісінің қоғамдық орны толысып тұрғанымен, адами бейнесі көмескі тартып жататын жайлар жиі кездеседі. Болмаса керісінше. Құлекен ондайлардың санатынан емес. Ол қырық жылдан астам кіршіксіз қызметтің ғана адамы болған жоқ, сонымен қатар парасаттылық пен әділеттіліктің, кен өрісті кісіліктің иесі де бола білді. Кезінде белгілі бір саясаттың салқынына ұшыраған, Қазақ химия-технология институтының ректоры, техника ғылымдарының докторы, академик Сұлтан Сүлейменов жұмыстан босап, кеше ғана “жақын” болып, жалпылдап жүргендер теріс карағанда, бұрынғы ыстық ықыласын ұсына білген осы кісі болатын. Кейбір күншілдік, рушылдық сияқты пасық әрекеттегілер “Ар-дақ” атты газетті пайдаланып, облысқа жаңа келген әкім, бірақ іскерлігін көп ұзатпай таныта алған Бердібек Сапарбаевтың соңына түскенде, ол құдайшылық сөзін айта білді. Өмірде байқап жүргеніміздей, көбімізге күнделікті тірлікте азаматтық, ұлтжандылық жетісе бермейді. Азаматтық төлқұжат нағыз азаматтыққа жетімсіз. Әсілі, нағыз азамат деп өз халқының, өз ұлтының игілігін ойлаған, қамын жеген кісілерді айтқан жөн. 1956 жылдары Ішкі істер министрлігінде СОКП XX съезі қорытындыларына байланысты өткен партия жиналысында жас офицердің қазақ балаларының болашағы туралы сөз қозғауы, оларға орыс тілінен алынатын емтиханның ерекше тосқауыл болатынына тоқталып, ұлттық мектепті бітірген балалардан емтихан өз ана тілінде қабылдансын деп ұсыныс айтуы, шынына келгенде, нағыз ерлік болатын. Мұны адамгершілік ар, ұлттық қан айтқызып еді. Әрине, бұл Орталық Комитетке жетпеді емес, жетті. Алайда бөлімде арнайы әңгімелескен орыс азаматы алдында отырған нағыз қазақтың ойлы дәлелдеріне түсіністікпен қарады.

Қызмет кезінде инфарк алып, оң қолы мен аяғы дегенге көне қоймағанда, ол сол қолға күш салды. Алғашқыда қиын болды. Оң қолға сеніп қалған сол қол көпке дейін көнбеді. Ақыры мықты ерік жеңді. Қол тіпті кітап жазуға машықтанды. Өзінің өмірі мен қызметіне арналған әрқайсысы үш жүз беттен тұратын “Өмір белестері” (1998 ж.), “Воспоминания генерала милиции” (2001 ж.) және “Құныққан қасқырлар”, “Замана тынысы” сияқты кітаптар

дүниеге келді. Жақында ғана Оңтүстік Қазақстан облысы ішкі істер органының бұрын-соңды ардагерлеріне арналған көлемді кітапты жинақтап, баспаға берді.

Қазіргі қасиетті оңтүстіктің абзал ақсақалдарының бірі Қ.Қалменов еліне сыйлы, аймағына абыройлы. Өмірде көргені де, тергені де жетерлік. Оның ойынша, үш мамандық иесінің – педагог, дәрігер және заңгердің кателесуіне болмайды. Кекшілдік, әсіресе, қызмет бабындағы лауазымды кісі тарапынан жасалып жатса, кешірілмес күнә деген қағидасының да күнделікті өмірде аса қажет екеніне дау жоқ. Милициялық қызмет – бұл тынымсыз, таза, әділетті, шыншыл, жоғары моральдық қасиеттерге ие және болаттай берік адамның еншісі деген ойларды бүгінгі полиция қызметкерлері ескеріп жатса, артық болмас еді.

Қ.Қалменов – бақытты адам. Ол бақытын адал еңбегімен, қажырлы қызметімен, кісілік келбетімен, қайырымды ісімен, шынайы адамгершілік болмысымен орнатқан адам. Ол бақытын 60 жылдай шын мәнісіндегі жан серігі болған, отағасының барлық ыстық-суығын бірге көріп келе жатқан Күмісжан жеңгемізден де тапқан адам.

Төрт ұл өсіріп, 10 немере-шөбере сүйіп отырған Құлекең мен Күмісжан жеңгеміз – үлкен шаңырақтың бәйтеректері. Үлкен ұлы Сәкен ғылым кандидаты, екі ұлы Ахмет пен Сардар – полковник, кішісі Айдар бизнес саласында қызмет етеді.

Алла алда да қуат беріп, ерлі-зайыптылар ұзақ ғұмыр кешіп, ұрпақтарының қызығы мен бақытын мол-мол көрсін деген тілегімізді білдіргіміз келеді.